



## 2024 жылға Маңғыстау ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 13/101 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 17 шілдеде № 4718-12 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Маңғыстау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылға Маңғыстау ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау аудандық мәслихатының төрағасы*

*Е. Махмутов*